

ӘОЖ 37.01

**КӨҢІЛДІ ҚОҢЫРАУ: ОҚУШЫЛАРДЫҢ БЕЛСЕНДІ ДЕМАЛЫСЫНЫҢ ОҚУ
ҮЛГЕРІМІНЕ ӘСЕРІ**

Мергенғали Гүлнәзік

5B01505Биология пәні мұғалімі 3 курс студенті

Ғылыми жетекшісі: Мәден С.С. магистр, аға оқытушы

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ

E-mail: s.maden@asu.edu.kz gulnazikmergengali077@gmail.com

Кілттік сөздер / Ключевые слова / Keywords:

Қазақша: Көңілді қоңырау, белсенді демалыс, оқу үлгерімі, оқушы мотивациясы

Орысша: Весёлая перемена, активный отдых, успеваемость, мотивация учащихся

Ағылшынша: Fun break, active leisure, academic performance, student motivation

Түйіндеме

“Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер- бүгінгі мектеп оқушылары, мұғалім оларды қалай тәрбиелесе Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан ұстазға жүктелетін міндеттер ауыр” деген болатын. Қазіргі заман мұғалімімен тек өз пәнінің терең білгірі болу емес, тарихи танымдық педагогикалық-психологиялық сауаттылық, саяси экономикалық талап етілуде. Бұл заман талабына сай білім беруге жаңалыққа жаңа құмар, шығармашылықпен жұмыс істеп, оқытудың озық технологиялары мен инновациялық әдістердің сабақ үрдісінде тиімді пайдалана алатын білігі мен білімі жоғары ұлағатты ұстаз болу керек деген сөз.

Қазақстан Республикасының “Білім туралы” заңының 8- бабында “Білім беру жүйесінің басты міндеті — оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық коммуникациялық желілерге шығу, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау” – деп атап көрсеткендей, қазіргі кезінде әрбір мұғалімнің алдына қойып отырған басты міндеттердің бірі — оқытудың әдіс-тәсілдері үнемі жетілдіріп отыру және жаңа педагогикалық технологияны меңгеру.

“Халық пен халықты теңестіретін — білім” – деп қазақтың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов айтқандай, білім бәсекесіне бейім шәкірт тәрбиелеу – біздің мақсатымыз. Сондықтан да жаңа жаңалықтардан қалмай жаңалық жаршысы болуымыз керек. Инновациялық технологияларды қолдана отырып оқыту — таным әрекетін ұйымдастырудың ұтымды формасы. Мақсаты — оқу үрдісінің өнімділігін арттыру. Инновациялық технологияларды қолдану, оқып үйрену, меңгеру өмірге ендіру, дамыту кезеңдері арқылы іске асады.

Білім берудің мақсаты, оның ұйымдастырушылық құрылымы, технологиялық жағынан жабдықталуы оқыту әдістемесі қоғамның әлеуметтік сұранысынан туындайды. Бұған дейін білім беру үрдісінің негізгі бөліктері

Мақсаты — мазмұн форма әдіс оқыту көрнекілігі болса, бүгінгі жаңа-технология бойынша оқып үйрену меңгеру өмірге енгізу дамыту болып өзгерген.

Қазіргі кезде көп айтылып жалқыланып жүрген жаңалықтарды оқыту үрдісіне енгізу, яғни, инновациялау.

Инновациялық 3 бөлімнен тұрады:

I-бөлім, кәсіби шеберлік

II- бөлім, біліктілік дағдылары

III- бөлім, жүзеге асыру, қолдану.

Қазіргі заманғы білім беру мазмұнындағы осы өзгерістердің барлығы- оқутудың негізгі мақсаты.

Оқушының ойлау қабілеті арттыру, сол қабілетін белсенді ету — басты мақсатым. Әсіресе, мен баламның білімге деген қызулығын арттыратын жүйелі іс-әрекеттер ұйымдастыруға талпынамын. Ол жүйе мына төмендегідей:

1. Шығармашылықпен жұмыс істеуге арналған тапсырмалар.
2. Әр түрлі анықтамалықтармен жұмыс істеуге дағдыландыру.
3. Ғылыми әдебиеттердің оқуға баулу.
4. Жарыстар, салыстар, әр түрлі танымдық ойындар ұйымдастыру.
5. Интернет, телеарна мен мерзімді баспасөздерде берілген соңғы жаңалықтармен таныстырып отыру.
6. Қызықты тәжірибелерді, сапалық есептерді көбірек қолдану.
7. Көп тараған түрі ол- мультимедиалық презентациялар
8. Флеш-фильмдер.
9. Берілген материалды бекіту мақсатында сабақта тесттер мен тренажерларды пайдалану. Ақпараттық технологияларды пайдаланудың негізгі артықшылықтары мынандай.
 1. Олар оқушыларға тақырып шеңберінде немесе белгілі бір уақыт аралығында айтылуға тиіс мәлеметтер көлемі ұлғайтады.
 2. Пәнге деген танымдық қызығушылығы артады.
 3. Теориялық материалды толық игеруге болады.
 4. Біз көзқарасын нақты және қысқаша қалыптасу дағдысы орнайды.

Қазіргі білім беру саласындағы оқутудың озық технологиялары меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру тұлғаның интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және де басқа көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие процесін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Қазіргі педагогика жаңалықтарын пән ерекшеліктеріне қарай қолдана білу-оқыту мақатына жетудің бірден-бір жолы. Осы жолда педагогикалық технология оқыту мақсатында жетудің тиімді, нақты жолдарын көрсетеді. Оқутыдың жаңа технологиясы іс-әрекеттің жоспарланған нәтижесіне жетудің шартты тәсілі ретінде қарастырылатын жаңа әдістердің жиынтығынан тұрады. Оның дәстүрлі оқыту технологияларынан ерекшелігі мынада:

-Білім алушы тұлғаның интеллектуалды дамуы аз уақыт ішінде қабылдау дәрежесінің жоғары мөлшеріне жетуіне бағытталғандығы;

-Білім алушы мен мұғалімнің белсенділігін сәйкес болуы;

-Мұғалім мен білім алушының өзара қарым-қатынасында жауапкершіліктің міндеттілігі.

Оқутудың даму функциясы білім алушы тұлғасы жетілдіуге бағытталған арнайы дайындалған кейбір оқыту технологиясында, әдістемелік жүйелері мен әдістерде жүзеге асырылады оларға бүгінгі өркендеп келе жатқан жаңа сипаттағы жаңа технологияларды жатқызуға болады. Олар: «Дамыта оқыту технологиясы», «Модульдік оқыту технологиясы», «Сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы» т.б жатады. Осы технологияларды сабақта қолдана отырып оқушының ойлау тәсілдерін бақылауға болады. Берілген материалдан оқушы ең маңыздысын, ең бастысын бөліп алады, басқа нәрселермен салыстырады, оны жүйелеп, қорытындылайды, нақтылайды, анықтайды және ұғымға түсінік береді, оны дәлелдейді немесе жоққа шығарады, модельдейді. Жаңағы тәсілдерді қолданғанын оқушының сөзінен тұжырымынан байқауға болады. Өз тәжірибемдегі оқушының ойлау қабілет арттыру үшін қолайлы деп санайтын әдістерім: ойын, жарыс, сайыс, оқушының қиялын, бақылауын қолдану, танымдық ойын және шығармашылықпен орындауға арналған тапсырма. Қорыта келгенде, инновациялық технологиялардың қай түрін алсақ та, оларды тиімділігі тек қана мұғалімнің

шеберлігімен және осы шеберлікті шындай түскендігімен ғана шын күшіне ие бола алады. Сондықтан білім алушылардың ынтасын арттыруға арналған әдістемелік құралдарды жүйесі мен амалдары әр мұғалімнен оларды тереңгеруін, іске асыруы және оған сай босатын іскерлікті талап етеді. ХХІ ғасыр компьютерлік ақпараттар заманы. Сондықтан да жер бетінде болып жатқан жаңалықтар мен өзгерістер туралы спутник, интернет арқылы мағлұматтар оқушыларға жеткізіліп, айтылады.

Оқу үрдісінде инновациялық технологияның дамуы кезеңінде осы заманға сай білімді, әрі саналы оқушы дайындау оқытушының басты міндеті болып табылады. Қоғамдағы ақпараттандыру процестерінің қарқынды дамуы жан-жақты, жаңа технологияны меңгерген жеке тұлға қалыптастыруды талап етеді. Осы ретте, мақалада жаңа ақпараттық технологияларды сабақта қолданудың маңыздылығы қарастырылған. Оқытудың ақпараттық-коммуникативтік және интерактивтік технологияларының бағыттарын жүзеге асыруда жасалған жұмыс нәтижелері көрсетілген.

Қазіргі білім беру жүйесінде оқу үдерісінің сапасын арттыру мақсатында түрлі инновациялық әдістер мен оқыту технологиялары енгізіліп жатыр. Солардың бірі – мектептегі үзілістерді (қоңырауларды) белсенді әрі көңілді форматта ұйымдастыру. «Көңілді қоңырау» деп аталатын бұл тәсіл оқушылардың сергіп, дене белсенділігін арттырып, психологиялық тұрғыдан демалуына үлкен мүмкіндік береді. Жүргізілген зерттеулер көрсеткендей, үзіліс кезінде балалардың дұрыс тынығуы – оқу үлгерімінің жақсаруына, сабаққа деген ынтаның көбеюіне және жалпы мектеп мәдениетінің жетілуіне оң ықпал етеді.

Оқушылардың белсенді демалысы, ең алдымен, олардың физиологиялық қажеттіліктерін өтеуге бағытталған. Бала ағзасы ұзақ уақыт бойы қозғалыссыз отыруға бейім емес, сондықтан мұндай үзілістер кезінде олар қозғалмалы ойындар ойнап, денесін жаттықтырады. Соның нәтижесінде, омыртқаға түсетін салмақ азайып, қан айналымы жақсарып, бұл өз кезегінде оқушылардың зейінін шоғырландыруына ықпал етеді. Сабақтан келесі сабаққа дейінгі аралықта оқушылар дәлізде жүрумен ғана шектелмей, түрлі спорттық немесе көңілді жарыстарға қатысады.

Психологиялық тұрғыдан алғанда, көңілді қоңырау оқушыларға эмоционалды қолдау көрсетеді. Олар қысқа уақыт ішінде бір-бірімен тілдесіп, ойын барысында немесе шағын топтық іс-әрекеттер арқылы әлеуметтік дағдыларын дамытады. Топ болып ән айту, флешмоб, би сияқты қойылымдар оқушыларға позитивті көңіл-күй сыйлайды. Осы іс-шараларға қатысқан сайын бала мектепті тек оқу орны ғана емес, өзін-өзі танытуға және қарым-қатынас дағдыларын дамытуға арналған қызықты орта ретінде қабылдайды.

Зерттеушілер оқушының сабаққа белсене қатысуы мен оның денсаулығының өзара байланысын жиі атап өтеді. Белсенді демалысқа мүмкіндік алған бала ұйқышылдық, шаршау, тынышсыздық сияқты факторлардан арылып, қайтадан сабаққа сергек көзқараспен келеді. Бұл әсіресе бастауыш және орта буын оқушылары үшін өте маңызды, себебі дәл осы жаста балалардың дене белсенділігі жоғары және эмоционалды қажеттілігі артады. Сонымен қатар, көңілді қоңыраулар оқушылардың бір-бірімен араласу дағдыларын нығайтады. Қызықты ойын немесе жарыс барысында әр оқушы жеке қабілетін көрсетіп қана қоймай, топта жұмыс істеуді, бірге әрекет жасауды және бір-біріне қолдау білдіруді үйренеді. Бұл қасиеттер болашақта көшбасшылық, достық және жауапкершілік сезімдерін қалыптастыруға ықпал етеді. Мектеп әкімшілігі мен педагогтардың бірлесе ұйымдастыруы нәтижесінде көңілді қоңыраулар ата-аналар мен мұғалімдер арасында да оң пікір қалыптастырып, сабаққа кешігу мен селқостықты азайтады.

Көңілді қоңырауларды ұйымдастыру үшін әртүрлі әдіс-тәсілдер қолданылады. Аптаның әр күнін әртүрлі тақырыпқа бөліп, флешмоб, спорттық эстафета, логикалық ойындар, музыкалық қойылымдар өткізуге болады. Мұндай әдістер оқушылардың

қызығушылығын арттырып, мотивациясын күшейтеді. Оқушылардың ұсынысымен ұйымдастырылған ойындар мен белсенді шаралар олардың жауапкершілігін арттырып, өздері ұсынған идеяларды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Белсенді үзілістердің оқу үлгеріміне әсері айқын байқалады. Сабақ барысында шаршаған оқушылар қозғалыс арқылы артық энергиясын шығарып, миын жаңа білімге дайындайды. Топтық ойындар оқушылардың бірін-бірі жақсы танып, өзара сыйластық пен ынтымақтастықты нығайтатындықтан кластағы психологиялық ахуал жақсарады. Жалпы алғанда, көңілді қоңыраулардың мақсаты—оқушылардың физикалық, психологиялық денсаулығын нығайту, оқу мотивациясын арттыру және мектеп өмірін жандандыру. Мұндай әдіс білім сапасын арттыруға, ұжымдық рухты қалыптастыруға және оқушылардың мектепке деген оң көзқарасын дамытуға ықпал етеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Н. Назарбаев Қазақтан халқына жолдауынан. Астана, 2011ж
2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. Астана, 2000ж
3. Сарбасова Қ.А Инновациялық технологиялар. Алматы, 2006
4. Сынып жетекшісінің анықтамалығы журнал №11- 2013
5. Г.Ақпанбетов, Сабақта жаңа технологияны қолдану.
6. Б. Жолдасов. Инновациялық технологияларды білім беруде қолдану. Білім. №5, 2007ж.